

Жұматай Ғабит Бекенұлы

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАР
ТЕОРИЯСЫ**

Оқу құралы



**Алматы
2012**

*Кітап мектебінде жағынан
Мұхамедханұлы Нұхаметханұлының
шархынан шыдайтын
Гілеккелді
Олег
10-10-10*

УДК 822.513.124
ББК 86

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
КР БжЕМ жоғары және жоғары білім беруден кейінгі Республикалық
оку-әдістемелік Кеңесінің гуманитарлық
және жаратылыстану мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік секциясы басып
шығаруга ұсынған (2012 ж. 8 маусымдағы мәжілісінің № 2 хаттамасы)

Р е ч е н з е и т т ё р:

тарих гылымдарының докторы, профессор Мұқаметхан Нәбижан
(ал-Фараби атындағы ҚазҰУ)

тарих гылымдарының докторы Камалов А.К.

(«Тұран» университетінің профессоры)

тарих гылымдарының кандидаты Уәжкенов Е.М.
(Абылай хан атындағы ҚазХҚәснедТУ доценті)

Жұматай Ф.Б.
Ж 69 Халықаралық қатынастар теориясы: Оқу күралы. – Алматы, 2012. – 360 б.

ISBN 978-601-210-185-1

Оқу күралының құрылымы мен мазмұны 05B020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы білім беру стандарты талаптарына сәйкес келеді. Оны болашақ гылыми зерттеулерге гылыми және әдістемелік негіз ретінде халықаралық қатынастар, аймақтану, тарих және өзге де мамандықтар бойынша оқытын студенттер, магистрлер және оқытушылар пайдалана алады. Халықаралық қатынастардың теориялық тұстарынан білім беру бағдарламасына және арнайы курстарда косымша күрал бола алады.

Оқу күралы халықаралық қатынастар, аймақтану, тарих мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарына және халықаралық қатынастардың теориялық мәселелерін оқытын гуманитарлық мамандықтар студенттеріне ұсынылады.

ISBN 978-601-210-185-1

УДК 822.513.124
ББК 86

© Жұматай Ф.Б., 2012
© “Өнер” ЖШС, 2012

KІРІСПЕ

«Халықаралық қатынастар теориясы» оқу күралы 05B020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша дайындалған. Халықаралық қатынастар теориясы сыртқы саясат пен әлемдік саясаттың теориялық мәселелерін зерттеуге бағытталған. Халықаралық қатынастар негізінен сыртқы саясат пен дипломатия тарихы, халықаралық құқық, әлемдік экономика, әскери стратегия және өзге де ғылыми пәндердің құрамдас бөлігі.

Мәні мен формасы жағынан халықаралық қатынастар аса күрделі құбылыс саналады. Ол мемлекеттердің сыртқы саясатымен шектелмей қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтиды. Миграциялық процестер, туризм, мәдени қатынастар, экономикалық байланыстар секілді трансұлттық факторлар әлемдік саяси сахнада айрықша рөл ойнайды. Оның устінен XX ғасырдың соңында халықаралық қатынастардың дамуы қырги-қабақ соғысының аяқталуы мен биполярлы әлемнің ыдырауы, сонымен қатар жаһандану процесінің нәтижесінде шапшаң дамып, ауқымы кене耶 түсті.

Халықаралық қатынастар ішкі және сыртқы саясат, дипломатия, сыртқы экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, әскери, сауда байланыстары мен ынтымақтастық, халықаралық қатынастар мен халықаралық құқықтың субъектілері – суверенді мемлекеттер жүйесі, олардың арасындағы өзара жалпы қарым-қатынастар, суверенді мемлекеттерден бөлек халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың өзге де акторлары (халықаралық үкіметаралық ұйымдар, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық корпорациялар мен банктер, әскери-саяси одактар мен блоктар, қоғамдық қозғалыстар, индивидтер т.с.с.), соғыс, бейбітшілік, дағдарыс, жанжал, интеграция, дезинтеграция, қақтығыс, өзара тәуелділік, күш фактоны, күш тәпе-тендігі, жаһандану секілді халықаралық саясаттың феномендерімен етене тығыз байланысып жатыр.

Әлемдік саяси сахнада орын алып жатқан осы күрделі үрдістер мен құбылыстарды үргінгі күні «Халықаралық қаты-